

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес майлау материалын сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 8 шешімі

Кеден одағының Кеден кодексі 52-бабының 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Негізгі құрауышы ретінде қоюландырғыш түріндегі литий немесе кальций сабыны қосылатын минералдық майлардың қоспасынан (70%-дан астам) тұратын, әртүрлі конструкциядағы машиналар мен механизмдердің ұштасқан детальдары мен тораптарының үйкелісін майлау үшін қолданылатын майлау материалы Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 2710 тауар позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян